Нәзір Төрекұлов атындағы IT – мектеп – лицейі 2025 – 2026 оқу жылында білім алушыларға қорытынды аттестацияны ұйымдастыру туралы

Scanned with CamScanner

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
СОЗАҚ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ
ІТ-МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«IT-ШКОЛА-ЛИЦЕЙ
ИМЕНИ НАЗИРА ТОРЕКУЛОВА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ СОЗАКСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

16.12.2025.

Шолаққорған ауылы

ПРИКАЗ

№ 439

село Шолаккорган

2025 – 2026 оқу жылында 9-11 сыныпты бітірушілерді қорытынды аттестаттау жұмыстарын ұйымдастыру туралы

2025-2026 оқу жылында 9-11 сыныпты бітірушілерді қорытынды аттестаттау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 9-11 сынып бітірушілеріне, мұғалімдерге, ата – аналарға қорытынды аттестаттау бойынша ақпараттық – түсінік жұмыстары жүргізілсін.
2. Қорытынды аттестатау ережесі туралы мектепішілік семинар – кеңес өткізу мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Бекжігітоваға және сынып жетекшілеріне тапсырылсын.
3. Қорытынды аттестаттауды , сондай – ақ тестілеуді өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары Ж.Төлегеновке, Г.Бекжігітоваға және сынып жетекшілеріне тапсырылсын.
4. Жалпы орта білім туралы ерекше үлгідегі құжаттар «Алтын белгі» белгісіне, «Үздік» аттестатқа және негізгі орта білім туралы үздік куәлікке үміткерлер туралы мәліметтерді жинақтау мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары Ж.Төлегеновке, Г.Бекжігітоваға және сынып жетекшілеріне тапсырылсын.
5. 11 сынып оқушыларының оқыту бейні бойынша таңдаған пәндерінің тізбесін көрсете отырып, қорытынды аттестаттау тапсыратын 11 сынып оқушыларының тізімін қалыптастыру және Ұлттық тестілеу орталығы филиалына жолдау кәсіби бағдар беруші маман И.Садиковаға тапсырылсын.
6. Емтихандарды, сондай-ақ тестілеуді, эссенің үлгілік тақырыптары, қорытынды аттестаттаудың сұрақтары мен тапсырмалары бойынша сынама емтихандар өткізу барысында қосымша сабақтар ұйымдастыру мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары Ж.Төлегеновке, Г.Бекжігітоваға және сынып жетекшілеріне тапсырылсын.
7. Оқушылардың өз мамандығын дұрыс таңдау үшін түсінік жұмыстарын жүргізу, қорытынды аттестацияға дайындық жүргізудің психологиялық аспектілері, білім көрсеткіші төмен оқушылармен әр пән бойынша өтілетін қосымша сабақтарды

000221

Scanned with CamScanner

нығайту,қосымша сабақтардың уақытылы жүргізілуін қадағалау мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Бекжігітоваға, кәсіби бағдар беруші И.Садиковаға, пән мұғалімдеріне және мектеп психологі Г.Аманбековаға тапсырылсын.

8. Қорытынды аттестаттауға байланысты мектепішілік комиссия құру мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Төлегеновке тапсырылсын.
9. Бұйрықтың орындалуына бақылау басшылық жасау мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Төлегеновке тапсырылсын.

Мектеп – лицей директоры **А.Асқанбекова**